

"Қарағандышахтакөмір" жабық үлгідегі акционерлік қоғамы берешектерінің проблемаларын шешу жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 11 қыркүйектегі N 984

"Қарағандышахтакөмір" жабық үлгідегі акционерлік қоғамының таратылған шахталар қызметкерлерінің денсаулығына келтірілген зиянды өтеу сомаларын төлеу жөніндегі берешектердің проблемаларын шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттігі" акционерлік қоғамына осы мақсаттар үшін республикалық бюджетте 1998 жылға несиелеуге көзделген қаржы есебінен 100 (ж ү з) м л н . т е ң г е б ө л с і н .

2. "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттігі" акционерлік қоғамы аталған қаржыны процентсіз несие нысанында "Қарағандышахтакөмір" жабық үлгідегі акционерлік қоғамының шотына аударсын және тиісті шарт жасасу жолымен оның қайтарымын қамтамасыз етсін.

3. "Қарағандышахтакөмір" жабық үлгідегі акционерлік қоғамының

тарату комиссиясына 1997 жылғы тамыздан бастап 1998 жылғы маусымды қоса алған кезеңде таратылған шахталар жұмысшыларының денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі берешектерді төлеуді жүргізу тапсырылсын.

4. Қаржының мақсатқа сай жұмсалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі